

Садықов Н.Р.

**Мағжан Жұмабаев және Мәжит
Айтбаев шығармаларындағы
«Түркістан» концептісі**

Ықылым замандардан бері Алтай мен Дунайдың арасын қосып жатқан ұлан-ғайыр аймақты мекен еткен көшпенді жұрт осы байтағын Түркістан деп атаған. Тіпті бір мағынасында бұл атау – тұтас түркі жұртының баламасы ретінде сіңісті болған. Осының әсерінен болар, кеңестік Қазақстанда өмір сүрген ақын Мағжан Жұмабаев пен эмиграциядағы ақын Мәжит Айтбаевтың шығармашылығында «Түркістан», «Алтай» ұғымдары концептілік сипатқа ие болған. Екеуі де өз шеберліктері тұрғысынан аталған аймақты асқан шеберлікпен, сүйіспеншілік махаббатпен жырлайды. Қазір сол «Эмиграциядағы Түркістан әдебиетінің» көрнекті өкілдері қазақ тарихында дұрыс бағасын алмай, шығармалары жеткілікті түрде зерттелмей келеді. Оған – бұл тұлғалардың сол бір сұрапыл жылдары жау қолына түсіп, солардың қол астында еңбек еткендері себеп болды. Десе де, бұларды келер ұрпаққа «сатқын» деп түсіндіріп, өздерін жазалап, шығармаларын жоюға, бұлар туралы деректерді келер ұрпақтың санасынан сызып тастауға тырысқан Кеңес үкіметінің өзі де қазір келмеске кетті. Сол себепті, олар қалдырған мұраларды зерттеп, зерделеу қажет.

Түйін сөздер: эмиграциядағы қазақ әдебиеті, Тұран, Түркістан, Мәжит Айтбаев, Мағжан Жұмабаев, мұғажырлық, концепті, Түркістан әдебиеті.

Sadykov N.

**Concept of the «Turkistan» in
works of Magzhan Jumabaiev
and Mazhit Aitbayev**

Since ancient times, nomads who inhabit the vast region between the Dunai and the Altai called it as Turkestan. Even the word Turkistan stands for the Turkish people in its wider concept. Because of this, perhaps, a poet who lived in the Soviet time, Magzhan and emigrant poet M. Aytbaev used it in their works, and it became conceptual word for whole Turkish nations. Both of them in terms of stylistics used their skills to show the love in their poems brilliantly. Nowadays the main representatives of Emigrant Turkistan literature are not valued properly in Kazakh history, and research for their works is not held systematically. Now we have independent state in place of the USSR that was dreamt by those people back. At present we do not have any obstacle to reconstitute their glory and lost moments.

Key words: Kazakh literature in emigration, Turan, Turkistan, M. Aitbaev, Magzhan emigrant, the concept, Turkistan literature.

Садықов Н.Р.

**Концепт «Туркестан»
в произведениях Магжана
Жумабаева и Мажита Айтбаева**

С древних времен территорию кочевников, населяющих обширный регион между Дунаем и Алтаем, называли Туркестан. Даже само слово Туркестан обозначает тюркский народ в его общем понятии. Может быть поэтому поэт, который жил в советское время, Мағжан и поэт-эмигрант М. Айтбаев использовали его в своих работах, и она стала концептуальным словом для целого тюркского народа. Оба писателя с точки зрения стилистики использовали свои навыки, чтобы показать любовь в своих стихах. В данное время те представители «Туркестанской литературы в эмиграции» не могут получить положительную им справедливую оценку со стороны ученых, изучающих историю казахской литературы. Их произведения все еще недостаточно исследованы, так как они попали в плен во время II мировой войны, и им пришлось работать под вражеским командованием, чтобы выжить. Но сама Советская система, которая сурово уничтожила произведения и их имена из памяти потомков, ушла в историю. Теперь нам никто не мешает воссоздать их славу.

Ключевые слова: казахская литература эмиграции, Туран, Туркестан, М. Айтбаев, Мағжан Жумабаев, эмиграционный, концепт, Туркестанская литература.

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ
ЖӘНЕ МӘЖИТ
АЙТБАЕВ
ШЫҒАРМАЛАРЫН-
ДАҒЫ «ТҮРКІСТАН»
КОНЦЕПТІСІ**

Кеңестік Қазақстанда өмір сүрген ақын Мағжан Жұмабаев пен эмиграциядағы ақын Мәжит Айтбаевтың шығармашылығын зерттеген жан олардың өзара шығармашылық қарым-қатынаста болғанын аңдайды. Соғысқа дейінгі әдеби ортада 1930 жылдары бір-бірімен етене араласқан олардың өмірлік ұстанымдары мен әдеби бағыттары да бір-бірінен алшақ кеткен жоқ [1, 34]. Оны төмендегі шығармаларын салыстыра талдаған кезде байқауға болады. Әсіресе қос ақынның шығармашылығына «Түркістан», «Алтай» ұғымдары концептілік сипат берді. Осы жерде бір анықтап көрсететін мәселе, бір мағынасында Түркістан Қазақстанда орналасқан шаһардың аты да, екінші мәнінде тұтас түркі жұртының баламасы (синонимі). Бұл сөз осы қос мәнінде де аталған ақындардың шығармашылығынан берік орын алған. «Түркістанның» терминдік, ұғымдық мағынасы кезінде бұрмаланып, «пантюркистік» сарынның көрінісі ретінде де қарастырылғаны мәлім. Бастапқы мағынасында қолданылған «Түркістан» атауының аясына бүкіл түркі жұрты сыйып кетеді. Ғылымда соңғы кездегі үрдіс бойынша осы атауды қолданысқа енгізуде ғалымдар тарапынан белсенділік байқалып келеді. Бұл түркі жұрттарының әдебиеті мен мәдениетіне де қатысты. «Түркістан» өз мағынасында байырғы аймақ атауы ретінде әлі қайта қолданысқа түсе қоймағандықтан, «Түркістан әдебиеті» де Қазақстан, сондай-ақ басқа да елдерде бір мәдени-рухани кеңістік әдебиеті мағынасында түсінілмейді. Әдебиет тарихын дәуірлеуде «Түркістан әдебиеті» деген аталым қалыптаспаған. Бүгінгі күнде бұл іс жүзінде тек Түркия ғылымында ғана сөз болып келеді [2, 14]. Соңғы уақытта Еуропаның кейбір зерттеушілері де осы аталымды қолдана бастады. Түркістан және оның әдебиеті – шын мәнінде жаңалық емес, тек қайта оралып жатқан дәстүрдің жалғасы. Отандық ғылымымызда да «түркі» болып бұрмаланған түрікті өз атымен атау және Түркістанның төл мағынасын таныту сияқты жақсы бастама байқалады. Бұл үрдіс Р.Бердібай, М.Жолдасбеков, Б.Дәрімбет, Д.Қамзабекұлы, Д.Қыдырәлі, С.Шілдебай т.б. ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапқан.

Отаршыл әкімшілік ұлттың қасиетті ұғымы болған Түркістан терминінің геосаяси да, этникалық та мағынасының тараюының арнайы заңнамалық стратегиясын жасап еді.

«Түркістан» және «Түрік Республикасы» сөздерін қолданыстан алып тастау туралы қаулы 1924 жылдың маусымынан бастап күшіне енді, оның орнына әлемдік ғылымда Моғолстан және Тибет аймақтары үшін қолданылған Орта Азия сөзін енгізді. Тіпті қазіргі күнде Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ясауи кесенесі орналасқан кіші қала ретінде тану қалыптасқан. Бұдан отаршылдық саясат амалының жүзеге асқандығын мойындамай болмас. Шынында да, Түркістан атауының мағынасы, отаршылдар жоспарлағандай, әлдеқайда кішірейтілді, бірақ олар ойластырғандай жойылып кеткен жоқ.

XX ғасыр басында түрік халқының зиялылары отаршылдарға қарсы қорғаныс күші ретінде Түркістан терминін қайта жандандыра түсті, яғни Түркістан идеясы тұтас отарға айналған түріктердің ортақ ұлттық мүдделерін қорғау жолында шыңдалды. Дербестікке ұмтылған түрік халқы бостандыққа жету үшін бірігуді қажетсінді. Түрік халықтары сол кездің шындығына сай жеке-жеке мемлекет құруға талпынса да, «тұтас Түркістан» идеясы барлық түріктер үшін ортақ ұстаным болып қала берді. Мұны олардың шығармаларынан, қоғамдық жұмыстарынан және саяси әрекеттерінен көреміз.

Біз Түркістан ұғымын тұжырымдық кеңістікпен түсіндірер болсақ, ойымыз белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің мына бір пікірімен үйлеседі: «Тұтас Түркістан идеясы түрік (тарихшы «түрік» деп қолданған) халықтарымен бірге өмірге келіп, замандар тезінен өтіп, олар үшін түрлі тарихи ауыр кезеңдерде қорғаныс иммунитеті міндетін атқарған аса маңызды фактор болып келеді» [3, 320]. Яғни «тұтас Түркістан» идеясының белгілі авторы жоқ, идея түрік болып тарихта белгілі болғаннан бері сол халықпен бірге оның жүрегінде пайда болған, талай ғасырлар бойы дамып, жаңғырып, жаңарып келеді. Сонымен, Түркістан – түрік халықтарының тұтастығын көрсететін географиялық, этникалық, мәдени және саяси аймақ. Қашан да түрлі территориялық өзгерістерге қарамастан түрік халқы мекен еткен жерлер Түркістан атымен аталды.

Жалпы XX ғасыр басында «Түркістан» сөзі барлық түрік халықтарының ақын-жазушыларының лексикалық қорынан орын алды. Оның бір сыры бұл сөздің сакральды атауға жататындығымен де байланысты. Зерттеуші А.Керімбаев бұл сөздің этнолингвистикалық болмысы жайлы: «Түркістан» сөзі мифологиялық дүниетаныммен біте қайнасып кеткен. Оның тілдегі көрінісі, салт-дәстүрдегі, әдет-ғұрыптардағы маңызы XX ғасырда ерекше танылады. Әсіресе азаттық

аңсаған түркі ақын-жазушылары отаршылдықпен күресте «Түркістан» терминін еңбектеріне арқау етіп, «Түркістан» идеясына айналдырған» [4, 15] деп жазады. Академик лингвист Ә. Қайдардың пікірінше, «Түркістан» тілдік бірлігін «Табиғат» макротобының аясында қарастыруды жөн деп санайды. Бұл айтылған пікірдің шындығы бар екендігі зерттеулерді тереңірек қарастырған сайын айқындала түседі.

Мағжан Жұмабаевтың поэтикасындағы «ата мекен» ұғымын сипаттауға қатысатын басты географиялық атаулар: жер атаулары Түркістан, Тұран және Алтай. Осы жерде бір айта кететін мәселе, Түркістан мен Тұран түркілердің жері, мекені ретінде бірін-бірі алмастырып та қолдана береді. Мағжан ақын шығармашылығында мұны «Ертеде Түркістанды Тұран дескен» деп Тұранды Түркістанның архаикалық есімі ретінде көрсетеді. Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңінде Түркістан шаһары мен түркі елі ассоциациялық мәнде қабысып, бір-бірімен байланысып, сабақтасып тұрады. Ақын бірде Түркістан қаласы жайлы жырласа, бірде түркі елі жайлы, оның ұлы тұлғалары Шыңғыс, Тарағай, Әмір Темір, Ұлықбек, Ибн Сина туралы баян етеді. Ақын жырын былай бастайды:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің Тәңрі берген несібі ғой, –

дейді. Бірінші жолдағы «екі дүние» сөзі, біріншіден «дүние» сөзі полисемия, екіншіден «екі дүние» тіркесін көптеген мағынада түсінуге болады. Мүмкін ол жаңа мен ескінің арасы, мүмкін ғылым мен өнердің, мүмкін фәни мен бақилық, тіпті кешегі өмір мен бүгінгі тіршіліктің нысаны болар. «Екі дүние» сөзі метонимия, яғни мұнда ол қандай дүние екенін жасырын күйде, тек үлкен ой сала отырып берген. Ал «есік» сөзі осы сөз тіркесіне жалғана метафора болады. «Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деген өлең жолындағы «түрік» сөзінің этимологиясына тоқталсақ, ол «ер жүрек, батыл» деген мағына береді. Бүгінде «түрік» атауы жалпылама мағынада қолданылады. Ал «бесік» сөзі кіндік қаны тамған, туған жер деген мағына үстейді. «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» деген жолдардан параллелизм әдісін көруге болады. Дәлел: біріншіден «екі дүние» сөзінде – (нің) жұрнағы жасырын, екіншіден «есік» сөзі ұлттық санамызда қалыптасқан бірнеше мағына береді. Айталық,

өмірге келгенде ме, әлде үйге кіргенде ме алғаш ашылатын есік. Сол сияқты, бесік те нәрестенің дүниеге келгендегі ең алғашқы орны болып табылады. Сонымен қатар, Түркістанға назар аударту үшін, өлеңге бірден ену үшін «түрік» сөзін қайталау амалын қолданады. Бұл шумақта «т» әрпінен құралған аллитерация құбылысы кездеседі. «Тамаша Түркістандай жерде туған түріктің Тәңір берген несібі ғой» деп қара сөзбен айтсақ дұрыс болады. Мұндағы «тамаша» сөзі эпитет.

Тұранның тарихи бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері мен суы да жат,
Теңіздей терең ауыр ой бергендей [5, 76], –

дегендегі от сөзі, Мағжанның өлеңдеріндегі бір ерекшелік десек те болады, зор символға ие. Тарихымызды осы аталған символдарды қоса атап, заулаған қалың өрттей аспанға өрлеген отты желге теңейді. «Тұранның жері мен суы да жат» деген тармақта «жат» сөзі бөтен, басқа, бөгде деген мағынада емес. Мағжанның қолданысында ол «тамаша, керемет» дегенді білдіреді [5, 216]. Ақынның теңіздей терең, теңіздей ауырға теңеген ойы – Тұранның тарихы, жері мен суы. Мұнда Мағжан теңеуді пайдаланады. Бұл шығарманы түгел дерлік оқып шықсақ, оның бір асып толқыған көңіл-күймен жырлаған отанға, жерге, елге, тарихқа деген сүйіспеншілігін, зор құрметін анық байқаймыз. Ал, енді осы жолдан ақын осының бәрін ойлай отырып, ойы сол кездегі Тұранның басынан өтіп жатқан қиын-қыстау кезеңі, жері мен суының отарлануы жанына батады. Жерге, суға деген қимастық сезімі сезіле, өлеңін ары қарай өлең жолдарымен өреді.

Тұранның шегі-шексіз шөлі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!
Тұранның дария аталған өзендері,
Тасыса шөлді басқан селі қандай!

Төртінші шумақ түгелімен көз алдымызға, айталық, шексіз шөл, кемері жоқ көл, өзеннің селі, махаббат пен мақтанышқа толы сезіммен суреттеледі. Интонация – дауыс толқыны сөйлегенде сөз мағынасын әсерлі жеткізу үшін дауыстың құбылып, жоғарылап, төмендеп өзгеріп отыруы, сөздің мәнерімен, әр түрлі сезіммен айтылуы [6, 170]. Бұл шумақта ажар беріп, оның мағынасын толықтырып тұрған тәсіл – интонация. Сонымен қатар, шөлі қандай, көлі қандай

деген сөз тіркесіне аяқталған жолдарда параллелизм үлгісі, яғни шумақ басындағы дыбыстың бірыңғай қайталануы кездеседі.

Тұранның Тянь Шаньдай тауы қандай,
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсың,
Көкке асқан Хантәңіріге қарай-қарай.
Балқашты бауырына алған Тарбағатай,
Жоталы жер кіндігі – Памир, Алтай.
Қазығұрт қасиеті тау болмаса,
Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай? –

деген шумақтарда Мағжан тауларды атап көрсетеді. Ер түрікті Тянь Шаньдай алып таудың, ең әдемі, ең биік, ақ мәрмәрдан шыңы жылтырайтын Хантәңіріне салыстыра теңейді және шендестіріп отыр. Балқаш бойлап орналасқан Тарбағатайды да ұмытпайды. Келесі жолда М.Жұмабаев: «Памир, Алай – жер кіндігі» дейді және жоталы жердің кіндігі екенін көрсетеді. Одан кейін Қазығұрттың жайын жырлайды. Осы жерге дейін Мағжан көз алдымызға Тұран өлкесінің географиялық картасының суретін жырмен салды. Дәл осы жерден байқап қарасақ, ақын алшақтығын сездірмей жағрафиядан тарихқа көшеді де халықтың жадында жатталып қалған аңыз өлең жолдарын еске түсіреді: «Басында Қазығұрттың кеме қалған, Ол Әулие болмаса неге қалған? Жетім бота түбінде жатып алып, Ойсыл қара жануар содан қалған» [5, 76]. Әрі қарай ақын өлең жолдарында патшалық Ресейдің саясаты, отарлауы, қазақ халқының басына түсірген ауыртпалығы құйындай ұйытқып басынан кетпей тұрғанын меңзейді.

Мағжан ойды бейнелеп айтатын генетикалық көне дәстүрді, поэзиясында ойларын образды бейнелеу үшін пайдаланған. Сөйтіп оқырманның сезімін басып, көңіл күйіне ықпал етіп, ойын толқытқан. Мағжан Жұмабаевтың бұл өлеңінде азаттықты аңсау сарындары бар. Сонымен қатар осы өлеңмен сабақтас эмиграцияда жүргенде Мәжит Айтбаев та «Түркістан» өлеңін шығарған. «Түркістан» бір ғана өлең емес, бір шоғыр өлеңдерден тұратын цикл.

Көркі көркем кереметті, күн келбетті көрер көзге,
Сұлу сәуле тым сәулетті, сапасы мол сөйлер сөзге
Түркістаным, топырағында тұруыма таппай тағат.
Сандалдым сан сапар шегіп, сағат соғып болмай санап.
Қала менен қырға қаһар кенет келіп, кесір салып,
Жанды жаншып, жайды жайпай, есіртті тым

есімді алып,

Алтын Алтай, аялы Алтай, балаусалы Балқаш көлмен.
Қарағанды, Қаратаудай қара ордам болған жермен,
Ертіс, Еділ, Ембі, Есіл, сусасам сүт Сыр суымен,

Қарқаралы, Қарқарадай, Көкшетаудың кең нуымен,
Сән-салтанат, сұлу сарай, Алматыдай астанаммен,
Жора – жолдас, ағайынмен, құрбы – құрдас, дос –
жаранмен [7, 138].

Бұл жолдардан ақынның «Түркістаны» – Тұранда орын тепкен Түркістан қаласы емес екені айқын аңғарылады. Түркістан – ақынның Отаны, туған жері – Қазақстан. Демек, оның да «Қазағым», «Қазақстаным» демей, «Түркістаным» деп тебіренуінде бір сыр бар.

Мәжит бұл өлеңінде қазақ жерінің географиялық бедерін поэтикалық тілмен соншалықты шебер, соншалықты көрікті бейнелейді. Бірақ жоғарыда келтіргеніміздей, «Қазақстан» деп аталмаған, «Түркістан» атауын иеленген. Бұл жерден ұлтшыл-қайраткердің ұлттық сананы әбден меңгергендігін көреміз. Мағжанның «Қазақ» төңірегінде қарастыруға симайтын түркішілдік өлеңдеріне жалғас сарындар да бар. Қазақ халқын ғана емес, бүкіл түркі жұртын бір шаңырақ астына біріктіріп, жұдырық боп жұмылуды армандайды ақын. Бұл жерден сонымен қатар легиондық идеологияның да сарынын байқай аламыз.

Ақын туған жеріне жете алмайтынын біледі. Кеудесін қысқан күйігін жасыра алмай, торығу сезіміне беріледі. Өлеңінде өзі де бой көрсетіп, қапа көңілін білдіреді, ішіне сыймай бара жатқан мұң-зарын шағады. Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңі мен Мәжит Айтбаевтың «Түркістан» шығармасын салыс-

тырғанда байқайтынымыз, Мағжан Түркістанды қос мағынасында да бір-бірімен сабақтастырып жырлайды. Яғни Түркістан қаласы мен түркі елі, оның ұлы тұлғалары бір-бірінен ажырамайтын сипатта көрініс табады. Сонымен қатар Мағжанның өлеңінде бүкіл түркі елінің отаршылдықтың құлдық қамытын киіп, жерінен айрылуын қасірет санайды. Өткен тарихқа үңіліп, оны көркем тілдік қуатымен шебер бейнелеп береді. Ақынның ой арманын жеткізу үшін қаншама керемет тілдік бірліктер, символдар, метафоралар мен метонимиялар қолданылған. Ал Мәжит ақынның өлеңінен туған жерге деген сағыныш, қайғы-мұң, бір сөзбен айтқанда, элегиялық рух байқалады. Бұл ғалымдардың пікірінше, «құтты қонысты аңсау» концептісімен сәйкес келеді. «Ата қонысты тастап көшу, жұрт аудару – тек амалсыз, еріксіз жағдайда ғана болатын, кейінгі өкініш, қайғы-қасіретке, мұң мен сағынышқа себеп болатын жағдай» [8, 116]. Жинақтай келгенде, Мағжанның Түркістанның азаттығын, ал Мәжиттің туған жерге жетуді аңсайтынын байқауға болады.

Қорытындылай келгенде, Мағжан Жұмабаевтың «Түркістаны» мен Мәжит Айтбаевтың «Түркістан» өлеңінде ой мен негізгі мәннің сипаты ерекшеленетіндігін аңғарамыз. Яғни Мағжан Түркістан шаһарын да, түркі жұртын да жырлап, азаттықты сөз етсе, Мәжит тек түркі жұрттарының, қазақ халқының географиялық бедерін жырына қосады. Бірақ негізгі идеялық өзектің бірдей екендігі көрінеді.

Әдебиеттер

- 1 Айтбаев М. Жеке архивтері. Өмірбаяндық дерек. – Қызылорда, 1937. – 34 б.
- 2 Togan A. Z. V. 1929-1940 seneleri arasında Türkistan vaziyeti. Baysun R. Türkistan Milli Hareketleri. – İstanbul, 1943. – 14 б.
- 3 Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және М. Шоқайұлы // Кітапта: Türkistanda Yenilik Hareketleri ve İhtilaller: 1900-1924. Osman Noca Anısına İncelemeler. SOTA. – Haarlem, 2001. – 320 б.
- 4 Керімбаев А. Қазақ тіліндегі сакральды атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Фил. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған кандидаттық диссертация. – Алматы, 2007. – 15 б.
- 5 Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. – Алматы: Атамұра, 2002. – 76 б.
- 6 Аханов К. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 1974. – 170 б.
- 7 Айтбаев М. Шер. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2005. – 138 б.
- 8 Нұрдаулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі. – Алматы, 2008. – 116 б.

References

- 1 Ajtbaev M. Zheke arxi'veri. O'mirbayandy'q derek. – Qy'zy'lorda, 1937. – 34 b.
- 2 Togan A. Z. V. 1929-1940 seneleri arasında Türkistan vaziyeti. Baysun R. Türkistan Milli Hareketleri. – İstanbul, 1943. – 14 b.
- 3 Qojgeldi'ev M. Tutas Tu'rkistan i'deyasy' zha'ne M. Shoqajuly' // Kitapta: Türkistanda Yenilik Hareketleri ve İhtilaller: 1900-1924. Osman Hoca Anısına İncelemeler. SOTA. – Haarlem, 2001. – 320 b.
- 4 Kerimbaev A. Qazaq tilindegi sakral'dy' atawlardy'nh e'tnoli'ngvi'sti'kaly'q si'paty'. Fi'l. ghy'l. kand. ghy'ly'mi' da'rezhesin alw u'shin zhazy'lgan kandi'datty'q di'ssertaci'ya. – Almaty', 2007. – 15 b.
- 5 Zhumabaev M. Su'j, zhan sa'wlem. – Almaty': Atamura, 2002. – 76 b.
- 6 Axanov K. Zhalpy' til bilimi. – Almaty', 1974. – 170 b.
- 7 Ajtbaev M. Sher. Shy'gharmalary'. – Almaty': Zhazwshy', 2005. – 138 b.
- 8 Nurdawletova B.I'. Zhy'rawlar poe'ti'kasy'ndaghy' du'ni'eninh konceptwaldy'q bejnesi. – Almaty', 2008. – 116 b.